

ISO 50001 СТАНДАРТТЫҢ НЕГІЗІНДЕ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТТИ МЕКЕМЕГЕ ЕНГІЗУДІ ЗЕРТТЕУ

Жуман Г.Б., Жексен Ұ.Ж.
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Ғылыми жетекші: Бектібай Б. Ж.
gauhar.zhuman@gmail.com

Мекемеде энергоменеджментті қолдану – бұл қазіргі өндірісті жаңғыртумен және энергия үнемдеу саласындағы ең үздік әлемдік тәжірибені пайдалану негізінде басқарумен байланысты инновациялық шешім. Басқару ғылымының қазіргі заманғы ұғымдарына сәйкес энергетикалық менеджмент энергетикалық тиімділікті жақсарту жолымен шығындарды азайту мақсатында кез келген басқа өндірістік ресурс ретінде энергияны басқару болып табылады. Энергетикалық менеджментте энергия тиімділігі мәселелері энергиямен жабдықтау мен энергия үнемдеудің техникалық аспектілері тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар ұйымдастырушылық, мотивациялық, ақпараттық, маркетингтік және инвестициялық аспектілер тұрғысынан да қарастырылады [1].

Қазіргі таңда экологияның нашарлауы мен пайдалы қазбала қорының азаюы, ал альтернативті энергетика көздерінің толықтай еліміздің энергетикалық жүйесіне енуі себебінен энергия ресурстарын үнемдеуге көшу қажет.

Мекемеге энергоменеджмент жүйесін енгізу барысында, оған бірнеше шаралар енгізіп, әдістер қолдану қажет. Соның бірі ретінде мекемелерге жүргізуге болатын техникалық іс-шаралардың ішіндегі, кез-келген мекеменің жұмыс процесіне арналған электр шамдарының жұмысын басқару кестесін құрастырдық (1-кесте):

Кесте 1. Электр шамдарының жұмысын басқару кестесі.

№	Электр шамының атауы, Өндіруші	Сипаттамасы			Бағасы, тг	Сатып алған уақыты	Орнатқан уақыты	Кепілдік мерзімі	Істен шыққан электр шамдары		Бір партиядағы саны	Тексеріс күндері					
		Вт, В, Лм саны	Жарық беру түсі	Қызмет мерзімі, сағ					Істен шыққан уақыты	саны		күндер	күндер	күндер			

Арнайы кесте бойынша (1-кесте), бір мезгілде барлық шамдарды орнатып, кесте бойынша тексеру жұмыстарын үздіксіз орындап отыру керек. Істен шыққан электр шамдары болса, оларды қайта сатып алмай кепілдеме қағазы арқылы өндірушіден жаңасына ауыстырып алып, осы арқылы қаражатты үнемдеуге болады, яғни кепілдік қағазы – табыс көзі. Көптеген мекемелер осы жағдайға салғырт қарайды, егерде құжаттама жүргізіп, жүйе құрастырсақ, біраз қаражатты үнемдеп қалуға болады. Сондықтан, біз электр шамдарын пайдалануды азайту және оларды таңдай білу мен электр шамдарының жұмысын басқару арқылы энергияны үнемдеуді бастауды ұсынамыз. Бұл арнайы өндірістік шамдарын дұрыс таңдау және өндірістік электр құралдардың жұмыс процесін оңтайландыру арқылы қол жеткізіледі. Осы бағыттарда шаралар әзірлеп, оларды қабылдау – энергия ресурстарын үнемдеуге өз әсерін береді. Яғни, энергияға кеткен қаражаттан үнемділік алып, ресурстарды тиімді пайдалануға келеміз [2].

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Столетов А. Г., Столетов Н. Г. Энергетический менеджмент [Электронный ресурс]: учебное пособие. – А.Г.Столетов, Н.Г.Столетов. – Электронные данные. – Владимир: Изд-во ВлГУ, 2014. – 85 с. 1 эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Бектібай Б.Ж., Жуман Г.Б. Өнім кепілдігі табыс көзі // V Международная научно-практическая конференция «Менеджмент качества: поиск и решения» (г. Сан-Франциско, Калифорния, США, 27-29 нояб.2019). Сан-Франциско: Изд-во Quality Management: Search and Solutions, 2019. С. 290-296.